

Дәрібайұлы С.

**Қожа Ахмет Ясауидың  
«Диуани хикметі» мен ақын-  
жыраулар поэзиясындағы  
нәпсі туралы тұжырымдар**

Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани хикметі» мен XIX ғ. – XX ғ. басындағы ақын-жыраулар поэзиясындағы ой-арман бірлігі, рухани таным үндестігі баяндалған. Қазақ даласының әр аймағындағы дәстүрлі жыр мектептерінің өкілдері орта ғасырлық әдеби жәдігерлерден бастау алатын берік дәстүрге сызат түсірмей, Ж.Баласағұн, А.Ясауи, А.Иүгінеки еңбектерінде баяндалатын «кемел адам» идеясын жалғастырды. Мақалада адамның рухани кемелденуіне тосқауыл болатын нәпсінің зияны туралы ой-толғамдар Шаһкәрім Құдайбердіұлының, Т.Ізтілеуовтің, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, Жүсіпбек Шайхысыламұлының, Қарасақал Ерімбеттің өлең-толғаулары арқылы талданады.

**Түйін сөздер:** нәпсі, әдеби жәдігер, шайыр, кемел адам, толғау, имандылық, рухани таным.

Daribaiuly S.

**Reflections on the «danger of  
temptation» in poetry of akyns  
and zhyraus, and Ahmed Yasawi  
«Diواني Hikmet»**

This article reveals spiritual harmony, ideological and artistic unity of poetry – of akyns and zhyraus, and literary successors of the Middle Ages. Representatives of the traditional poetry schools of the Kazakh steppe, building their foundation in medieval poetry, do not depart from a strong tradition and further develop the idea of a highly moral ‘perfect man’, which narrates in the works of J. Balasaguni, X-A Yassavi, and A. Yugnaki. Through reflection songs of Shakarim Kudayberdiuly, Turmagambet Iztleuov, Mashkhur-Zhusup Kopeev, Zhussupbek Shakhislamuly, Karasakal Erimbet the article analyzes topics and ideas of the above poets about the dangers of temptation on the way of perfection of a ‘highly moral man’.

**Key words:** temptation, literary heir, poet, perfect personality, reflection song, faith, spirituality, spiritual experience.

Дәрібайұлы С.

**Размышления о вреде  
соблазна в произведении  
Кожа Ахмета Ясауи  
«Диуани хикмет»  
и поэзии поэтов-сказителей**

Эта статья раскрывает духовное созвучие, идейно-художественное единство поэзии акынов, жырау и литературных продолжателей средневековья. Представители традиционных поэтических школ казахской степи, обретая свои истоки в поэзии средневековья, не отходят от прочной традиции, развивая и дальше идею высоконравственного «совершенного человека», которая звучит в произведениях Ж. Баласагуни, X-A Яссави, А. Югнаки. Одной из широко известных поэтических тем песен-размышлений этих мастеров художественной словесности становится тема духовной чистоты, веры, тема воздержанности от соблазнов мира. Через песни-размышления Шакарима Кудайбердиұлы, Турмагамбета Изтлеуова, Машхур-Жусупа Копеева, Жусупбека Шахисламулы, Карасакала Ерімбетта в статье аналируются темы и идеи названных выше поэтов о вреде соблазна на пути совершенствования «высоконравственного человека».

**Ключевые слова:** соблазн, литературный наследник, поэт, совершенная личность, песнь-размышление, вера, духовность, духовное познание.

**ҚОЖА АХМЕТ  
ЯСАУИДЫҢ  
«ДИУАНИ ХИКМЕТІ»  
МЕН АҚЫН-ЖЫРАУЛАР  
ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ  
НӘПСІ ТУРАЛЫ  
ТҰЖЫРЫМДАР**

Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани хикметі» – адамзат баласын адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеп, әділет пен әбілеттің, ынсап пен мансаптың ара жігін таразылауға, Жаратушы Иесін тануға шақырған ғажайып туындылардың бірі. Шығармада дін ислам жолындағы пенденің амал-парыздарының, мінез-құлқының өлшемі болатын нәпсіге ерекше көңіл бөлінген. Нәпсіні тыю, онымен күресе білу – мұсылман үшін бұлжымас заңдылық. Адам нәпсіге құрық салып, жүрек сәулесін ашар қайырлы істерге қадам басу арқылы өзін жаратқан Хақ Тағаланың сүйген құлдарының қатарынан болуға үміттенеді. Себебі, нәпсімен күрес – күрестердің ұлысы. Пенденің парасатты пайым жасауы да, санасын сайтанға билетуі де оның ерік-жігеріне байланысты. Фұссилат сүресінің 46 аятында «Кім ізгі іс істесе сонда өзі үшін. Ал кім жамандық істесе де өзіне тән. Раббың құлдарына зұлымдық істеуші емес» деп адамның шайтан азғыруына еру-ермеуі иманының беріктігіне немесе әлсіздігіне байланысты екендігі түйінделеді. Алла сөзі айқын: адамның қалау еркі өзіне жүктелген. Оны ізгі амалдарға жетелейтін Жаратушы аяттары болса, аздырып, тура жолдан тайдыратын – шайтан. «Диуани хикметтің» көптеген бәйіттерінде Алланың сүйген құлдарының қатарында сап түзегісі келер пенденің шайтан уәсуасынан алыс болып, тура жолдан адаспау үшін амал етуі төмендегіше тұжырымдалады:

Жаратқан бір құдайдың жолын іздеп,  
Шайтан малғұн жолынан қайтқын, достар.  
Ықыласпен махаббат шарабын ішіп,  
Жан мен ділдің Хақ зікірін айтқын, достар.  
«Астағфиру уа истиғфарды» тынбай айтқын,  
Шайтан малғұн тәннен шығып қашар, достар.  
Шайтан малғұн сізге дұшпан, әзір болғын,  
Кеште Алла, күндіз Алла айтып өлгін [1,68 ].

Нәпсіні қоздырушы Ібіліс те Алла ықтиярымен болған жаратылыс. Ол ақырет күніне дейін адаммен күресетін айла-амалдарын ойластырудан бір сәт те шаршамайды. Алла Тағаланың өзінің шексіз махаббатымен жаратқан адамды адастырушы малғұнды жаратқандағы мақсаты не? Бұл сұраққа дінтанушы ғалым Фетхуллаһ Гүлен өзінің «Иман аясында» атты еңбегін

де былайша жауап береді: «Егер шайтан жаратылмаса, адам жаратылысының да ешқандай мәні болмас еді... Солардың тұзағына түспеу үшін адам әрдайым абай болып, сақ өмір сүреді. Себебі, бұлар адамды кез келген сәтте тура жолдан тайдыруға тырысады. Өзіндегі тәкаппарлықтың құрбаны болған шайтан әрбір ісін саналы түрде істейді. Өмірлік аламанда соңынан қалмай қуып келе жатқан адамның жалғыз қарсыласы да осы – шайтан... Адам баласы ең жоғарғы мәртебеге, кәміл адам мәртебесіне осы ежелгі дұшпанымен күресуінің арқасында жетеді» [2,170-171]. Шайтан шырмауына түскен пенде Алла Тағала қаламаған, Оның қаһарын тудыратын күнәлі істерге жақындайды. Қарғыс арқалаған малғұн қиямет күнінде өз қатарының толық болуын қалайды. Сондықтан Қожа Ахмет Ясауи мұсылман баласын Алла сүймейтін істерден сақтандыра отырып, оның тойымсыз екендігіне:

Нәпсім менің жүз мың тағам тілер, достар.  
Нәпсі еркіне жіберуге болма құмар [1,47] –

деп тұжырым жасайды. Нәпсісін тия алмаған пенденің Алланың ақ жолында болмасы хақ. Ғұлама ұстаз нәпсінің құлы болу адам баласының арына сын екенін тағы бір еске салады:

Нәпсі итке ер емессің ерік берсең,  
Алла да хош көрмейді желікке ерсең,  
Нәпсі де бір түз құсындай байқап көрсең,  
Күні-түні ұйқысын ал ұстап қолға.

Нәпсі итке ерген кісі қор болады,  
Азып-тозып, алды-арты ор болады.  
Төңірегін шайтан қорған тор болады,  
Адасады түсе алмай түзу жолға.

Нәпсі сені тоздырып жындай қылар,  
Дін үйіне кіре алмас сұмырай қылар,  
Өлер шақта иманыңнан жүрдай қылар,  
Ақылға ерсең жолата көрме бойға [1,87].

Шайтан адамзат баласын өзі секілді Алла Тағаланың нығметтерінен құр қалдырып, мәңгілік тозақтық етуді мақсат етеді. Малғұн үшін ең басты құрал пендені азғыра отырып күнәға батыру және нәпсісінің құлы ету. Себебі, адамның күнәға батуы шайтанды шаттандырады. Қожа Ахмет Ясауи иманын әлсіретіп, Алладан алыстатар нәпсіден тыйылуды өз өмірінің мысалымен өрнектей отырып:

Уа, дариға, арманменен өмірім өтті,  
Нәпсім мені алжастырды, шектен асты [1,95] –

деп түйіндейді.

«Диуани хикметтегі» бәйіттерді насихат етіп, шайтанның шалысынан сақтануға шақырған Шал ақынның:

Күнәні іздеп алдық басымызға  
Жолаттық малғұнды қасымызға,  
Ақыретте жұмақта болмас па едік,  
Сәби боп дүниеден қайтсақ жасымызда.  
Тілеймін бір құдайдан әуелі иман,  
Айрылсам иманымнан көрге симан,  
Бере гөр, тілегімді, Хақ Тағала,  
Құдай ау, құдіретіңе жаным құрбан [3,95],–

деген жыр жолдары да жан азығын иманмен бекітуді құп көреді. Ақын адам баласының күнәлі істерден сәби шағында пәк болып, есейе келе нәпсі жетегіне тез ілесетініне көңіл бөлген. Ал Алланы тану жолында артына мол мұра мирас еткен Мәшһүр Жүсіп Көпеев:

Адамға күнә қайдан?  
Көз бен тілден!  
Қаңғырып әуре болдық іздеп елден.  
Көрген көз, сөйлеген сөз – бәрі күнә,  
Іздеуге қажет емес бөтен жерден [4,6], –

деп кішкентай күнәнің жинала келе пендесін тозаққа жетелер ауыр күнәларға ауысарын ескертіп, одан сақтану қажеттігін ескертеді.

Қожа Ахмет Ясауидың «Диуани хикметінде» нәпсі туралы тарқатылатын тағы бір бәйіт барзаһ дүниесіндегі пенденің мәңгілік өмірінің бастауы пәни дүниедегі сауапқа жазылар амалдарымен таразыланады:

Нәпсіге сен ерік берсең не тілемес,  
Еңіресең де Алла саған мойын бұрмас...  
Нәпсі жолына кірген кісі рәсуа болар,  
Жолдан азып-тозар, жұртта қалар.  
Жатса, тұрса шайтанменен бірге болар,  
Нәпсіні теп, нәпсіні теп, ей, пәтшағар.  
Нәпсің сені ақырында торға салар,  
Діннен қуып, жақсылықтан ада қылар,  
Өлер кезде иманыңнан жүрдай қылар [1,62].

Дін тарихынан тағылымды сөз қалдырған Жүсіпбек Шайхисламұлы «Өмір-ғұмыр» атты өлеңінде Ахмет Ясауи еңбегінде айтылған ойларды сабақтай отырып, жүрегін нәпсіге билеткен пенденің дүниеден озғаннан кейін халі мүшкіл боларын және өз оқырманының осындай күйге душар болмауын тілейді.

Адам өмірде жан азығын іздеуге ұмтылғанда ғана мағыналы ғұмыр кешеді. Тән қорегін ғана қанағат еткен адам өзінің Ұлы Жаратушысына

деген махаббатты жүрегінен жоғалтады. Құл-қынның құлы болған пенде пәни дүниенің де, мәңгілік өмірдің де рахатын сезінбейді. Шариғатқа сүйенген шырын өмірді Шаһкәрім қажы да шабыт шумағымен төгілтеді. Барзаһ әлеміне дейінгі бекзат тірлікті жырға қосқан ақын:

Өсімді, ең күшті жан адамда тұр,  
Алдында жақсы да тұр, жаман да тұр.  
Өзгенің бәрі – жалғыз адам үшін,  
Жаралып орны-орнымен ғалам да тұр.

Несін сүй, несін сүйме, ерік өзінде,  
Нәпсің де, ақылың да тұр көзінде.  
Сынау үшін жаратқан бір иең бар,  
Тексерілмей қалмайсың бір кезінде [6,200], –

деп пенде болмысындағы нәпсі мен иманның арпалысын білдірген болатын. Күні кешеге дейін Аралды жағалай қонған жамағаттың жыр керуенін бастаған Наурызбек те:

Нәпсім сені қайтейін  
Мынау да аз, мынау көп,  
Қанағат етіп тоймаған.  
Тағдыр сені қайтейін  
Жалғанды күні қоймаған.  
Жалған сені қайтейін  
Мың күн ойнап күлгенің  
Бір күнгідей болмаған [7], –

деп нәпсінің нәубетін исламның асыл жауһары «Диуани хикметтегі» сарабал оймен саралайды.

Иманды әлсіретіп, Алланың тура жолынан тайдыруға тынбастан әрекет ететін Ханас туралы иллаһи байламдар жасаған ақынның бірі – Тұрмағамбет Ізтілеуов. «Көкалташ» медресесінде дін ғұламаларынан білім алып, ислам жәдігерлерінің риызығын бойына жинаған Тұрмағамбет шайыр аз күнгі алдамшы тіршілікте нәпсінің құлына айналмау қажеттігіне тоқтала отырып:

Өнерден өнеді не, өлім барда?  
Үй түзеу ұнамайды көрің барда.  
Қаңғуың «қойың» бақпай қолайсыз іс,  
Аңдыған жан-жағыңнан «бөрің» барда.  
Қысқа өмір қанша айтқанмен ұзамайды,  
Түскенмен тоқсан түрлі форымдарға [8,64], –

деп терең ойларға шомдырады. Шайыр өз оқушысының Ислам жолындағы Жолаушыға айналғанын қалайды. Көзі тірісінде «дамолла ахун» атанып, ел ықыласына бөленген шайыр иманды «қойға», нәпсіні «бөріге» теңеу арқылы өсиет-ағызды қазақтың тұрмыс-тіршілігіне жақында-

та түседі. Дүние жалғанның түбі тайыз екендігін Тұрмағамбет тағы бірде:

Бағатын бағыландарыңды иман атты,  
Ақылды өздеріңе ес көріңдер.  
Қалмасын қапияда қатаң шөлдеп,  
Қолына құйып қатық мес беріңдер.  
Базарда бағасы артық болсын десең,  
Семіртіп соны, жалпы, кеш келіңдер.  
Сырттан көз салып жүрген шайтан-бөрі,  
Сақ болып сағатында бес көріңдер [8,66], –

деп еске салады. Жыр жолдары ақынның нәпсіні Құран аяттарына және ислам жәдігерлеріне сүйене отырып тарқатқанына айғақ болары анық. Жүсіп сүресінің 53 аятында «Нәпсімді ақтамаймын. Расында, нәпсі жамандыққа бұйырады...» десе, Қиямет сүресінің 2 аятында «Жоқ, сөгіс беруші нәпсіге ант етемін» деген жолдар бар. Тұрмағамбет жоғарыдағы жыр жолдарында жазғырушы нәпсіні айтып отырғаны ақиқат. Төмендегі өлең өрнегінде де шайыр өз нәпсісін жазғыра отырып сыр шертеді:

Ей, Алла, ғафу айлап тауфиқ-тәуба,  
Пендеңді бұлт шөгетін шығар тауға.  
Кеуіліңнен кетірем деп иман нұрын,  
Қылып жүр Ханнас малғұн қатаң қауға.  
Қосылып нәпсім оған, нарау тартып,  
Түрі бар беретұғын ұстап жауға.

Ақын шайтанмен күресте «Даналық кітабында» баяндалған:

Көп адамдар дау шығарар нәпсі бағып,  
Ішіп-жеп хайуандардай түнде жатып.  
Ораза тұтпас, зекет бермес, ұйқы бөлмес,  
Хақ тағала қадірін қашан білер [8,64]? –

деген тұжырымдармен сабақтас ой қорытып, оның уасуасын қабылдамай, ымырасыз болуды ескертеді.

Ислам дүниесінің асыл жауһарларына айналған әдеби жәдігерлер мен ақын-жыраулар поэзиясындағы діни-философиялық идеялардың үндестігі – ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр сабақтастығының берік сақталғанының дәлелі. Сөз зергерлері өмір алға тартып отырған түрлі мәселелердің шешімін іздей отырып, «келер ұрпақ кім болмақ, қайда бармақ?» деген сауалдарға жауапты бабалар мұрасынан қарастырады. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы ақын-жыраулар поэзиясы халық ауыз әдебиетімен бірге «Диуани хикмет», «Құтты білік», «Хибатул қақайық» секілді ислам дәуіріндегі жәдігерлерден және ең бастысы Жаратушының адамзат баласына арна-

ған ең ұлы мұрасы Құраннан нәр алды. Сынақ өмірде Алла сүймеген амал-әрекеті оны тозақ отына лақтырып, ал ғибратты ғұмырына Жара-

тушының жәннат рахатын рақым етуі – ақын-жыраулардың шығармаларына арқау болған Ұлы шындықтың баяны.

#### Әдебиеттер

- 1 Қожа Ахмет Иассауи. Диуани Хикмет. – Алматы: Мұраттас, 1993. -262 б.
- 2 Гүлен Ф. Иман аясында. – Алматы: Көкжиек-Б, 2009. - 448 б.
- 3 Шал ақын. – Алматы: Арыс, 2003. – 200б.
- 4 Көпейұлы М. Көп томдық шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы: Алаш, 2003. –504 б .
- 5 Жеті ғасыр жырлайды. I том. – Алматы: Жазушы, 2004. – 400 б.
- 6 Шаһкәрім. Жол табалық ақылмен.- Алматы, 2006.-430 б.
- 7 Наурызбек жырау. Келдіңдер бүгін топталып. Ұнтаспа. -Алматы: Дастан, -2010.
- 8 Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. Ғылыми басылым. – Алматы: Дешті Қыпшақ, 2007.- 64 б.

#### References

- 1 Kogha Ahmet Yasayi. Diyani Hikmet.-Almaty: Myrattas, 1993. -262 b.
- 2 Gylen F. Iman ayasinda. – Almaty: Kokghiek-B, 2009. – 448 b.
- 3 Shal akin. – Almaty: Arys, 2003.-200 b.
- 4 Kopeiylu M. Meeting multivolume treatise. Volume 2. – Almaty: Alash, 2003.-504 b.
- 5 Gheti gasir ghirlaidy. Volume 1. – Almaty: Ghazyshi, 2004. – 400 b.
- 6 Shaharim. Ghol tabayik akilmen.- Almaty: 2006.-430 b.
- 7 Nayrizbek ghiray. Keldingder bygin toptalyp. Record. – Almaty: Dastan,-2010.
- 8 Iztileyuly T. Essay. Scientific Publications. –Almaty: Deshti Kipshak, 2007.-64 b.